

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге

КЕЛІСІМ

(24.01.2024 ж. редакция)

Интернет желісінде <https://bazarjoq.kz/ru> мекенжайы бойынша орналасқан тіркелу бетіндегі келісімнің тіркеу нысанын толтыра отырып және «Тіркелу» батырмасын баса отырып, мен, жеке тұлға (бұдан әрі - субъект), ерікті түрде, өз еркіммен және өз мүддемде менің дербес деректерімді, соның ішінде дербес деректерді қағаз, материалдық тасымалдағыштарда, сол сияқты электрондық түрде/форматта, «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н/операторлардың/деректер базалары иелерінің/үшінші тұлғалардың жүйелерінде, Сервисітерінде және/немесе деректер базаларында трансшекаралық беру түрінде төмендегі мақсатпен автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жинауға, өңдеуге өзімнің сөзсіз келісімімді беремін:

- Bazarjoq.kz Сервисінің (оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Интернет желісінде орналастырылған <https://bazarjoq.kz/ru> мекенжайы бойынша вебсайт) функционалын пайдалану;

- тауарларды сатып алу-сату/жеткізу және т.с.с. бойынша мәмілелерді жасасу/жасау/орындау;

- төлемдерді жүзеге асыру/жүргізу;

- «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н тауарларды сатып алушының (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның) арасында жасалған (жасалуы мүмкін) кез келген мәмілелерді жасасуға және/немесе орындауға қатысы бар және/немесе қатысы болуы мүмкін үшінші тұлғалармен өзара әрекеттесуі (үшінші тұлғалардың «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-мен, үшінші тұлғалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі);

- «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдердің ішінде бухгалтерлік есепте қолданылатын бастапқы құжаттарды сақтау және есебін жүргізу бойынша міндетін орындауы;

- «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н уәкілетті органдарға/дан, аудиторлық, бағалаушы және басқа құзыретті ұйымдарға/дан, мемлекеттік және жеке кредиттік бюроға/дан, «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н қатысушыларына/нан және/немесе үлестес тұлғаларына/нан, «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н деректер базаларының операторларына/нан, контрагенттеріне/нен есептілікті және/немесе ақпаратты ұсынуы/алуы;

- математикалық, статистикалық және мінез-құлықтық модельдерді, ақпараттық жүйелерді, деректер базаларын әзірлеу, сақтау және қолдану (соның ішінде талдау, модельдеу, болжау);

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген (белгіленуі мүмкін) немесе әлеуетті сатып алушы/тауарды (-ларды) сатып алушы (өкілі субъект болып табылатын) мен «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н арасында жасалған шарттарда (келісімдерде) және «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-н әлеуетті сатып алушысы/тауарын (-ларын) сатып алушысы (өкілі субъект болып табылатын тұлға) және/немесе «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-не әлеуетті сатып алушы/тауарды (-ларды) сатып алушы (өкілі субъект болып табылатын тұлға) жіберетін басқа құжаттарда көзделген басқа мақсаттарда;

- «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС мен контрагенттің (сатып алушының) (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның) арасында келесі тізбеге, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, тіркелу/авторландыру кезінде деректерді толтыру үшін қажетті мәліметтерге сәйкес жүзеге асырылғанын растау үшін:

• тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

• туған күні;

• жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

• банк картасының нөмірі және оның жарамдылық мерзімі;

• байланысты ұстап тұру, сондай-ақ сәйкестендіру/анықтап тану/тіркелу/авторландыру үшін қажетті мәліметтер; заңды мекенжайы (тіркелген жері)/орналасқан (тұрғылықты) жері, жұмыс орны және лауазымы; ұялы байланыстың абоненттік нөмірі/телефон нөмірі (жұмыстағы, ұялы, ID – телефон нөмірлерінің шифрланған сәйкестендіргіші), электрондық пошта мекенжайы және т.б.;

• cookie файлдары;

- географиялық орналасуы туралы мәліметтер;
- IP-мекенжайы;
- қолтаңбасы (ЭЦҚ) және сәйкестендіру/тіркелу/авторландыру үшін қолданылатын басқа деректер;
- өкілі «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-мен өзара әрекеттесу үшін субъект болып табылатын заңды тұлға/ЖК туралы мәліметтер.

«Тіркелу» батырмасын баса отырып, мен дербес деректерді жинауға, жазуға, жүйелендіруге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), шығарып алуға, пайдалануға, беруге (таратуға, ұсынуға, қол жеткізуге), иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, өшіруге рұқсат беремін.

Осы келісім <https://bazarjoq.kz/ru> Сервисіндегі жеке кабинетте есеп жазбасын жүзеге асыру мерзімінің ішінде қолданылады. Осы келісім менің жазбаша өтінішім бойынша немесе есеп жазбасын <https://bazarjoq.kz/ru> Сервисіндегі жеке кабинетте есеп жазбасын жою кезінде кері қайтарылуы мүмкін.

Тіркелу батырмасын баса отырып, мен Қазақстан Республикасының дербес деректер және олардың қорғау туралы заңнамасының ережелерімен, «BazarJoq Kazakhstan » ЖШС-ң Интернет желісіндегі <https://bazarjoq.kz/ru> мекенжайы бойынша орналасқан «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-ң Құпиялылық саясатымен, сондай-ақ осы саладағы құқықтармен және міндеттермен танысқанымды растаймын. Дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау саласындағы құқықтар мен міндеттер маған толық түсіндірілді және маған түсінікті.